

**С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп  
кітапханасының  
2022-2023 оқу жылында өткізілген іс-шарасының  
есебі**

Мектеп кітапханасы оқу процесін оқулықтармен, әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымындарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай – ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты, мәдениетті тарту орталығы болып табылады.

**2022-2023** оқу жылында 2-сыныпқа 100%, 10 сыныптарына қосымша жаңа буын оқулықтарын берілді. Аз қамтылған отбасы балаларын 100% оқулықпен қамтылды.

Биылғы оқу жылында 1-сынып 100% , 2-сынып 100%, 3-сынып 100% , 4-сынып 100% 5-сынып 100% , 6-сынып 100% , 7-сынып 100% , 8-сынып 100% , 9-сынып 100% , 10-сынып 100% , 11-сынып 100% қосымша оқулықтармен қамтылды. Кітапханада көптеген кітап көрмелері, дөңгелек үстел, рухани әңгімелер өткізілді «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында биыл мектеп кітапхана қорына 312 дана әдеби кітаптармен толықтырылды.

**Жалпы кітап қоры -73502**

**Оқулықтар – 70239**

**Көркем әдебиет – 1814**

**2021ж-290 дана**



**2022ж-312 дана**

**602 жаңа көркем әдебиет**

**Электронды оқулықтар -1449**

Оқырманға басшылық жасаудың бір әдісі – оқырмандар формуляры. Мысалы, оқырман формулярына талдау жасап отыруға болады.

Балалардың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру біздің міндетіміз.

1-4 сынып оқушылары барлығы кітапхана оқырмандары болып саналады. Бұл оқырмандарымыз балаларға арналған әдеби кітаптарды көп оқиды, соның ішінде ертегілерді қызығып оқиды, оқыған кітаптары туралы ой бөліседі. 5-8 сынып оқырмандары тарихи, хайуандар, спорт туралы кітаптарға сұраныс көп алады, әдеби кітаптарды оқиды, энциклопедиялар, сөздіктер пайдаланады.

9-11 сынып оқырмандары көбінесе сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар пайдаланып оқиды, әдеби кітаптарды мектеп бағдарламасы бойынша оқиды.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты С.Нұрмағамбетов атындағы 72 жалпы орта білім беретін мектебінде "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауы жалғасын табуда. "Әжемнің ертегісі тақырыбы бойынша 1 "И" Сынып жетекшісі Жұманәлі Ағжан апайымыз балаларға "Арыстан мен түлкі", "Бала Айдаһар", "Піл мен маймыл" т.б ертегілерді оқып берді. Оқушыларға ертегілер өте ұнады. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша жасалып жатқан мектебіміздегі түрлі іс-шаралар балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда оң нәтиже көрсетуде



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауы жалғасын табуда. "Ертегілер елінде" тақырыбы бойынша 2 "А" Сынып жетекшісі Жанисова Гульжан Алипжановна балаларға "Қасқыр мен жеті лақ" ертегісін оқып берді. Оқушыларға ертегілер өте ұнады. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша жасалып жатқан мектебіміздегі түрлі іс-шаралар балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда оң нәтиже көрсетуде.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауының шымалдығын 10 «Г» сынып жетекшісі Дарханова Рахима апай сыныбымен ашты. Бұл сыныпқа Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» кітабы берілген. Сынып болып жарыса оқыған кітаптарын жоғарғы дәрежеде, критерийлерге сәйкес талдап, белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп, ерекше әсер алғандарын жасыра алмады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауын 10 «З» сынып жетекшісі Абилдаева Айтөлқын сыныбымен талдады. Бұл сыныпқа Қалихан Ысқақтың «Қоңыр күз еді» кітабы берілген. Сынып болып жарыса оқыған кітаптарын жоғарғы дәрежеде, критерийлерге сәйкес талдап, белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп, ерекше әсер алғандарын жасыра алмады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауын 8 «В» сынып жетекшісі Даутбаева Балнур сыныбымен талдады. Бұл сыныпқа Джек Лондонның «ТЕКТИК САРЫН» кітабы берілген. Сынып болып жарыса оқыған кітаптарын жоғарғы дәрежеде, критерийлерге сәйкес талдап, белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп, ерекше әсер алғандарын жасыра алмады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауын 8 «Г» сынып жетекшісі Тохаева Гульбану сыныбымен талдады. Бұл сыныпқа Қасым Қайсеновтың «ЖАУ ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛА» кітабы берілген. Жау тылындағы бала — Қасым Қайсеновтың 1961 жылы жазған повесі. Повесте автор Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін үлкен тебіреніспен суреттеп жазған.

Сынып болып жарыса оқыған кітаптарын жоғарғы дәрежеде, критерийлерге сәйкес талдап, белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп, ерекше әсер алғандарын жасыра алмады.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «45 сынып, 45 кітап» байқауын 9 «Г» сыныбы, жетекшісі Юсупова Асем талқылады. Бұл сыныпқа Кәкімбек Салықовтың «Жезкиік» кітабы берілген. Сынып болып жарыса оқыған кітапты жоғарғы дәрежеде өлең- жырларын оқып, қызықты күй орындап және поэзия оқып белсенділік танытты. Ақынның өмірімен, шығармашылығымен танысты, ақынның өлеңдерін жарыса айтып, ақын әндерін шырқады.



2022-2023 оқу жылында **20 минуттық кітап оқу** үрдісі жалғасын табуда. Мектеп ұжымы және оқушыларды сабақтан тыс уақытында кітапханаға әдеби кітаптарды оқуға насихаттау жүргізілуде



Кітап маған тақтан да қымбат.  
У.Шекспир.  
Жақсы кітап — ақылды адамның әңгімесімен бірдей.  
Л.Толстой.

ТАСПАЙТЫН АСЫЛ ДОСЫМЫЗ.  
Кітап — ақылды адамды ұнатандыратын құрал.  
Каменский.

Кітап-біздің досымыз



Артық ғылым кітапта,  
Ерінбе оқып көруге.  
Абай









С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 09.02.2023ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Косалбаева Лаззат Дуйсенбіқызының ұйымдастыруымен 6 - сынып оқушылары арасында «Қазақтың мұзбалақ ақыны- Мұқағали» тақырыбында әдеби-сазды кеш өтті. Әдеби-сазды кештің мақсаты: Ақиық ақын, дарынды дарабоз, «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. Ақын өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды Отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу. Оқушылар сыршыл, ақиық ақынның өлеңдерін жатқа оқып, әндерін шырқады, шығармашылығын таныды, ақынға арнап арнау өлеңдерін оқыды. Қазақ поэзиясының мұзбалақ ақыны атанған Мұқағали жырлары жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек!





С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында 15-ақпан күні құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңбері «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы 8-сынып оқушылары арасында «Зерделі-2023» білім сайысы болып өтті. Ұйымдастырушылар: Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі – Жолдасова Айзада Берданқызы, кітапханашы – Шортанбаева Эльмира Усенбекқызы, қосымша білім беру педагогі – Құлжабаева Манат Аманқызы және тәрбие бөлімі.

Сайыстың мақсаты: Оқушылардың білімдерін сайыста тексеру, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға, жылдам әрі қағілез бола отырып, озық болуға бағыттау. Оқушылардың кітапқа қызығушылықтарын арттырып, оқушылар арасындағы достықты нығайту. Сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Оқушылар сайысқа тыңғылықты дайындалғаны байқалды. Бас жүлде 8 «И» сынып оқушысы Ералы Жасұланға бұйырды. Сайыстың «Біліммен театрға» бөлімі бойынша 8-сынып оқушысы Қаппар Нұрислам Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық драма театрына отбасылық билет жеңіп алды. Қатысушылар мен ұйымдастырушылар бір-біріне кітап сыйлап, тамаша көңіл күйде болды.





"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы бойынша 4- сынып оқушылары, өздері оқыған кітаптың мазмұнымен бөлісіп, достарына кітап оқуға кеңес берді.



"Мен қандай оқушымын, ол туралы менің кітабымайтады" тақырыбында әңгіме-сұхбат өтті. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.







С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 23 сәуір - Халықаралық кітап және авторлық құқық күніне орай 6- сынып оқушыларымен "Кітапхана -білімнің күншуағы" тақырыбында іс-шара болып өтті.Мақсаты:Кітапхана-біздің рухани құндылығымыз,теңдесіз байлығымыз.Өткен заман өрнектеріндей тарихшыда,әдебиетші де, басқа ғылым кереметтерін таба алатын және кітап мәртебесін көтеруді оқушыларға насихаттау.6"қ"сынып оқушылары кітапханаға келіп кітапханашы Эльмира Усенбекқызымен бірлесе отырып іс -шара өткізілді.Оқушылар пирамидалық талқылау әдісі арқылы мәтін жазып, оқып берілген сұрақтарға өте жақсы жауап беріп,кітапханашы Эльмира Усенбекқызынан сұхбат алып,кітапхана өмірімен танысып,көп мағлұмат алды.Кітапхана-оқырманмен кітапарасындағы негізгі алтын көпір екенін дәлелдеді.Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап,насихаттап,ел игілігіне таратып жүрген кітапханашы Эльмира Усенбекқызына алғысымыз шексіз.Талай оқырманды білім нәрімен сусындатар кітаптарды оқып, жан жақты білімді ойы зерек,қиялы жүйрік оқырман болуға шақырамыз.



«Мейірім - жүректен» айлық аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасымен «ДОСТЫҚ, МЕЙІРІМДІЛІК» тақырыбында 8-сынып оқушылары арасында үздік кітап оқушы сайысы өткізілді. Мақсаты: Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Оқушылардың рухани және интеллектуалды дамуына кітап оқу арқылы қызығушылығын арттыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы туралы айтып, кітап арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.





С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектепте Шымкент қалалық прокуратурасы Шымкент қалалық білім басқармасымен бірлесе отырып, қалалық білім беру ұйымдарында өтетін «Мейірім-жүректен» атты айлық жоспарына сай 19.05.2023 күні «Оқуға құштар мектеп» жобасымен «Достық, мейірімділік» тақырыбындағы үздік кітап оқушы сайысы өткізілді. Ұйымдастырушысы: 5"Ә" сынып жетекшісі Тілеуқабылова Шолпан. Сайысқа қатысқан қонақтар: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанабергенова Диана Габитовна.

Мақсаты: Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Оқушылардың рухани және интеллектуалды дамуына кітап оқу арқылы қызығушылығын арттыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы туралы айтып, кітап арқылы мейірімділікке тәрбиелеу.



**Мектеп директоры**

**Б.Н.Усманов**

Орындаған: Э.У.Шортанбаева

Тел: 87788487706

